

**әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультеті**

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы

**91425 «Әлеуметтік педагогтың диагностикалық қызметі» пәнінен
дәріс**

КРЕДИТ САНЫ - 5

КУРС -2

Құрастырған: п.ғ.к., аға оқытушы Д.А.Нургалиева

АЛМАТЫ

Дәрістердің қысқаша мазмұны.

1- дәріс. «Әлеуметтік педагогтың диагностикалық қызметі» пәнінің мақсаты, міндеттері .

1. Дәрістің мақсаты: Әлеуметтік педагогтың диагностикалық қызметі туралы жалпы түсінік қалыптастыру, ғылым ретіндегі өзіндік орнына баға беру, ғылыми сипаттау.

2. Негізгі мәселелер:

- 1. Әлеуметтік педагогтың диагностикалық қызметі пәнінің мақсаты, міндеттері**
- 2. Әлеуметтік педагогтың диагностикалық қызметінің өзгешелігі**

Қазіргі кездегі саяси-экономикалық, әлеуметтік, рухани-мәдени өзгерістер ел өмірінің, сондай-ақ адам өмірінің барлық саласына өзінің әсерін тигізді. Айналадағы құбылыстарға, заттарға, адамға деген ішкі сана-сезім, көзқарас, қарым-қатынас түбімен өзгерді. Адамдардың, қоғамның құндылықтары мен қызығушылықтары да басқаша сипат алды. Білімге деген сұраныс та, талап та өсе түсті. Қай мемлекеттің де негізгі тірегі - асқақтаған күмбездер де, ғимараттар да, экономикалық жағдай да емес, білімді де білікті, іскер де, белсенді адамдар. Әрине, "келешектің иесі - жастар". "Жастар өзінің ата-анасынан гөрі заманына көбірек ұқсас келеді. (И.С.Кони). Сондықтан қоғам талабына сай, сол қоғамды көркейтетін, дамытатын тұлға тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені даусыз. Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техниканың деңгейі де, оны басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі. Осыған орай маман қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіншіліктерді қажет етеді. Ондай мүмкіншілік тек білім арқылы келеді. Әлеуметтік педагогика- кәсіби-мамандарды тәрбиелеу мен бейімдеу туралы ғылым.

Ғылымның кез-келген саласы сияқты әлеуметтік педагогиканы қарастырғанда ең алдымен оның объектісі мен зерттеу пәнін ажыратып алу қажет. Ғылыми объектісі — болашақ тұлғаның қалыптастыру болатыны ақиқат. Әлеуметтік педагогтың диагностикалық қызметі пәніне жан-жақты анықтама бермес бұрын көптеген ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылатын (педагогика, әлеуметтану, физиология, медицина т.б.). педагогикалық психологияның зерттеу пәні болып адамның әлеуметтік мәдени тәжірибені меңгеру заңдылықтары, фактілері және білім беру процесінің әртүрлі жағдайларында педагогтың ұйымдастырып және басқаратын оқу қызметінің субъект ретінде қарастырылатын адамның интеллектуалдық және тұлғалық даму деңгейінде үзгеруді меңгеруін туғызуы болып табылады. Жекелеп айтқанда, әлеуметтік педагогика «білімді, икемділік пен дағдыларды меңгеру заңдылықтарын зерттейді, осы процестердегі жеке айырмашылықтарды зерттейді, оқушылардың өз бетімен шығармашылық ойлауын қалыптастыру заңдылықтарын, бала психикасында оқыту мен тәрбиелеу әсерінен пайда болатын өзгерістерді зерттейді.

Бақылау сұрақтары:

- 1. Әлеуметтік педагогтың диагностикалық қызметі пәні нені қарастырады?**
- 2. Әлеуметтік педагогтың диагностикалық қызметі басқа қандай ғылым салаларымен байланысты?**
- 3. Ересктерге білім беру өзектілігі немен түсіндіріледі?**
- 4. Педагогикалық білімнің қазіргі қоғамдағы маңызы неде?**

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1. Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б. Білім берудегі педагогикалық технологиялар. Оқу-әдістемелік құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2016.122б.**
- 2. Бұзаубақова Ж. Оқытудың педагогикалық технологиялары: Оқу-әдістемелік құрал. -Тараз, 2015.**

3. Технологии социальной работы/ Под ред. Е.А.Холостовой-М.Инфра 2011.-400 с
4. Алмазов Б.Н., Беляева М.А, Бессонова Н.Н. Методика и технологии работы социального педагога. М, 2011.-192с.
5. Жиенбаева Н.Б. Психолого-педагогическая диагностика личности: Учебное пособие. Алматы: Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, 2020. – 311 с.
6. Айтбаева А.Б. Әлеуметтік педагогика негіздері: Оқу құралы, –Алматы: 2011.
7. Қасымова Р.С. Әлеуметтік педагогика: Оқу-әдістемелік құрал. –Алматы: 2010

2- дәріс. Әлеуметтік педагог қызметінің ерекшеліктері, оның кәсібилігі

1. Дәрістің мақсаты: Әлеуметтік педагог қызметінің ерекшеліктері, оның кәсібилігін талдау.

2. Негізгі мәселелер:

1. Әлеуметтік педагог қызметінің ерекшеліктері
2. Әлеуметтік педагог қызметі, оның кәсібилігі

«Әлеуметтік педагогика» ұғымын алғаш рет XIX ғасырда неміс педагогы А. Дистервег енгізген. Бірақ араға көп уақыт салып қана әлеуметтік педагогиканың екі ғылыми-практикалық бағыты айқындалды. Оның бірі П. Наторп есімімен байланысты айқындалып, халықтың мәдени деңгейін көтеру мақсатында қоғамның тәрбиелік күштерін интеграциялау мәселесіне арналды. Екінші бағыт қараусыз қалған балаларға әлеуметтік көмек көрсету, оларды қорғау, құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталды. Бұл бағыт Г. Нол, Г. Боймер есімдерімен байланысты болды. Әлеуметтік педагогика, бұл қоршаған ортаның тәрбиеге әсері жөніндегі ғылым. Әлеуметтік педагогика мәселелерін зерттеуде танымал Ресей ғалымы А. В. Мудрик әлеуметтік педагогиканы адамның бүкіл өмірі барысында жүзеге асырылатын әлеуметтік тәрбиесін қарастыратын ғылым ретінде қабылдауға болады деп айтады.

Әлеуметтік педагогиканың идеялары мен бұл саладағы қызметкерлердің жұмыстары С. Т. Шацкий, В. Н. Шульгин, М. В. Крупенин, А. Г. Калашникова, А. П. Пинкевич т.б. тарапынан қарастырылған. С. Т. Шацкий мектептің әлеуметтік рөлін негіздеп, кіші ортада біртұтас тәрбие процесін ұйымдастыруды теориялық тұрғыдан айқындаған. 30-жылдардың аяғындағы мектептердің тек оқу-тәрбие процесін жақсартуға ғана басты назар аударуы әлеуметтік педагогика саласындағы ғылыми зерттеулерді кейінге ысырып жіберді. Әлеуметтік педагогиканың бастаулары халықтық педагогикада жатыр. Тұлғаны әлеуметтендіру идеялары ұлы ғұламалардың педагогикалық көзқарастарында қарастырылған. Атап айтқанда, әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, Қ. А. Ясауи және т.б. ғұламалар еңбектерінде адам тәрбиесін жүзеге асыру оның әлеуметтік ортасын қалыптастырумен байланысты екендігі баса айтылған.

Әлеуметтік педагогика мәселелерін көптеген классик педагогтар Я. А. Коменский, Ж. Ж. Руссо, И. Г. Песталоцци, И. Гербарт, А. Дистервег, К. Д. Ушинский және т.б. қарастырған. Олардың педагогикалық көзқарастарының ықпалымен адам тәрбиесінің қоғамдық-әлеуметтік ортадағы рөлі, тәрбие нәтижесінің қайырымдылықпен, мейірімділікпен айқындалатындығы туралы ой-пікірлер тұжырымдалады.

Әлеуметтік педагогика пәнінің зерттеу объектісі - адамның әлеуметтік ортамен өзара қарым-қатынасының жиынтығы негізінде оның қоғамдағы даму процесі болып табылады. Сонымен қатар, әлеуметтік педагогиканың ғылым ретіндегі негізгі мақсаты педагогикалық мақсатпен сабақтастықта тұлғаның әлеуметтік болмысына қатысты білімдерді интеграциялау болып табылады. Практикалық пән ретіндегі негізгі мақсаты - өзінің табиғи болмысынан алыстаған тұлғаны қалпына келтіруге көмектесетін технологияларды жасау. Ал, әлеуметтік педагогиканың пәні - адамның әлеуметтенуінің және оның қоғамға бейімделуінің педагогикалық аспектісі болып табылады. Әлеуметтік педагогика адам мен қоғамның өзара әсерлесуі негізінде қалыптасу, қоғамға толық ену ретіндегі тұлғаның

әлеуметтік қалыптасуын ынталандырудың мақсатын, міндетін, мәнін, мазмұны мен принциптерін, әдістері мен формаларын зерттейді.

Әлеуметтік педагогика өзінің пәндік өрісіне ие және ғылым ретіндегі өзіндік міндеттері айқындалған. Олар:

- тұлғаның даралық дамуын гармониялы бірлікте қарастыра отырып, ғылыми әлеуметтендіруді қамтамасыз ету;
- тұлғаның дамуы мен әлеуметтену процесіне әсер етуші қарым-қатынастарды педагогикалық тұрғыдан реттеу;
- тұлғаның қоғамға және әлеуметтену процесіндегі педагогика-лық ғылымдардың көпжақты әсерінің мүмкіндіктерін зерттеу;
- әлеуметтік ортаның педагогикалық потенциалын арттыру мен оны пайдаланудың шарттарын және тәсілдерін зерттеу;
- тұлға ұғымының мәнін, оның даму, қалыптасу кезеңдерін түсіну;
- адамның әлеуметтік болмысының түрлі формаларының (адам, жекелік, тұлға, субъект) шекараларын ажырата алу;
- тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуының өзара байланыстылығына талдау жүргізу;
- әлеуметтік детерминант, әлеуметтік қалыптасу, тұлға қызметі мен дамуы ұғымдарының мәнін ашу.

Адамның дамуын оның қоршаған орта ықпалынан және өзара қарым-қатынас негізінде дамуын оның әлеуметтенуінің нәтижесі деп қарастыруға болады. Әлеуметтену:

- адамның қоғаммен өзара қарым-қатынасы арқылы және өмірдің әртүрлі жағдайларынан;
- адамдарға мемлекет тарапынан болатын әсерлер арқылы;
- тәрбиенің немесе адамның дамуының белгілі бір жағдайда мақсатты бағытталған процесі арқылы;
- адамның өзін-өзі тәрбиелеуі немесе өзін-өзі дамытуы арқылы жүзеге асырылады.

Әлеуметтік педагогика - әлеуметтендіру процесін білімдік-тәрбиелік құралдармен реттеудің және жүзеге асырудың, танымның теориясы мен практикасын қамтитын ғылым саласы болғандықтан, әлеуметтік болмыстың адам өмірі барысындағы мақсаты мен міндеттеріне ықпалын қарастырады. Әлеуметтік педагогика жеке адамдарға, тұрғындардың топтарына көмек көрсетуді өз міндетіне жатқызады.

Әлеуметтік-педагогикалық тәрбие және тәжірибесінің нысаны - жеке дара және қоғамдық сипаттама бірлігін қамтитын әлеуметтік ортаның мүшесі болып табылатын адам, ал оның пәні - адамның әлеуметтік тұрғыда қалыптасуының және дамуының педагогикалық аспектілері.

Әлеуметтік-педагогикалық теория мен практикасының екінші міндетінің нысаны - қоғамның әлеуметтік шеңбері, микро (шағын) орта, адамдар ұжымы және т.б. болып табылады. Аталмыш деңгейге тән іс-әрекетті жүзеге асырудың белгілі құралдарына мәдени-ағарту, дене шынықтыру - сауықтыру, әлеуметтік-тәрбие жұмыстарын және т.б. ендіруге болады.

Әлеуметтік педагогиканың үшінші деңгейдегі нысаны - әлеуметтендірудің алуан түрлі сатылары мен деңгейіндегі жеке адам болып табылады.

Бұның өзі қоғамда әлеуметтік педагогикалық қызметтің қажеттілікке айналып отырғандығы мен осы салада мамандар даярланудың сұранысы артып отырғандығын дәлелдейді. Әйтсе де, халықтық болмысызда тастанды балалар мен қараусыз қалған ата-аналардың болмағандығы қоғамның өркениеттілігінің шарықтаған заманында өз жалғасының үзіліп отырғандығын көрсетеді.

Тұжырым:

1. Әлеуметтік педагогика ғылымы адамды өзі өмір сүріп отырған қоғамының талаптарына сай әлеуметтендіру тәжірибелерін ұрпақтан-ұрпаққа беру қажеттілігінен туындады.

2. Әлеуметтік педагогика ғылымы адам мәселелерімен айналысатын барлық ғылымдармен тығыз байланысады.

3. Әлеуметтік педагогика ғылымының мақсат-міндеттері қоғамның адам тәрбиесіне деген талаптарына сай үнемі өзгеріп отырады. Ол қоғам талаптарынан туындап, қоғам мұқтажын ескереді.

Бақылау сұрақтары:

1. Әлеуметтік педагогика пәнінің зерттеу объектісі мен пәнін сипаттаңыз.
2. Әлеуметтік педагогика мен педагогика ғылымының арасында қандай байланыс және ерекшеліктер бар?
3. Әлеуметтік-педагогикалық тәрбие мен тәжірибе нысандарын атаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б. Білім берудегі педагогикалық технологиялар. Оқу-әдістемелік құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2016.122б.
2. Бұзаубақова Ж. Оқытудың педагогикалық технологиялары: Оқу-әдістемелік құрал. -Тараз, 2015.
3. Технологии социальной работы/ Под ред. Е.А.Холостовой-М.Инфра 2011.-400 с
4. Алмазов Б.Н., Беляева М.А, Бессонова Н.Н. Методика и технологии работы социального педагога. М, 2011.-192с.
5. Жиенбаева Н.Б. Психолого-педагогическая диагностика личности: Учебное пособие. Алматы: Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, 2020. – 311 с.
6. Айтбаева А.Б. Әлеуметтік педагогика негіздері: Оқу құралы, –Алматы: 2011.
7. Қасымова Р.С. Әлеуметтік педагогика: Оқу-әдістемелік құрал. –Алматы: 2010

3- дәріс. Диагностика әдістемесі: әдістеме ұғымы, тест ұғымы.

1. Дәрістің мақсаты: Диагностика әдістемесі: әдістеме ұғымы, тест ұғымдарын талдау.

2. Негізгі мәселелер:

1. Диагностика әдістемесі: әдістеме ұғымы, тест ұғымы.
2. Диагностикадағы тест мәні

Қазіргі таңда әлеуметтік педагогиканың тұжырымдамалық және құрылымдық мәселелерін жасауда қолданылып жүрген негізгі тұжырымдамалық идеялар Б. А. Грушин, Р. Г. Гурова, С. Н. Иконников, В. Г. Лисовский, Ю. В. Торсуев және т.б. еңбектерінде қарастырылған. Бұл зерттеулерде тәрбиенің әлеуметтік детерминанттылығы және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты тұлғаның әлеуметтенуі жайлы эмпирикалық зерттеулердің талдаулары берілген.

В. С. Бестужев-Лада, Б. С. Гершунский, В. А. Караковский, М.Н. Скаткин, В. А. Ядов т.б. әлеуметтік-педагогикалық болжам жасау мәселелерін шешуде әлеуметтік педагогика ғылымына үлкен үлес қосқан.

В. И. Журавлев, Б. Т. Лихачев, В. Г. Разумовский, Г. П. Будановалардың зерттеулерінде жастардың еңбекке, отбасылық өмірге, білім алуға, қоғамдық іс-әрекет пен дем алуға дайындығы жан-жақты әрі терең қарастырылған.

Психология мен әлеуметтік психологияда тұлғаның психологиялық құрылымы мен рефлексивтік белсенділіктің түрлеріне, формаларының заңдылықтарына іс-әрекет психологиясы мен тұлға ерекшеліктері, идентификациялаудың әлеуметтік-психологиялық механизмдері (эмпатия, еліктеу, сендіру т.б) жатады. Бұл орайда Б. Т. Ананьев, Л. С.

Выготский, А. Н. Леонтьев, Б. Ф. Ломов, В. М. Мерлин, Л. И. Анциферова, И. Н. Семенов және т.б айтуға болады.

Соңғы жылдарда философияда қоғамда адамның алатын орны, адамдағы биологиялық пен әлеуметтіліктің арақатынасы, тұлға дамуының әлеуметтік мәдени детерминациясы, адамның іс-әрекеттік болмысы әлеуметтік қоғамның негізгі сфераларын талдау, гуманистік концепция мазмұнын түсіну мәселелеріне көп көңіл бөлінуде. Бұл бағыттағы зерттеулер ретінде М. Н. Берулова, Л. П. Буева, Л. Н. Коган, И. И. Резвицкий, И. Н. Семенов, Э. Г. Юдин, К. А. Шварцман т.б еңбектерін атауға болады.

Әлеуметтік педагогиканың принциптері – бұл, тұлғаның қалыптасу және даму процесінің базалық принциптерін түсіну ғана емес, сондай-ақ оларды практикалық тұрғыда жүзеге асыру. Ондай принциптер қатарына – гуманитарлық, дамудың әлеуметтілігі, жүйелілік, поляризация және тәжірибе жатады.

1. *Әлеуметтендірудің ізгіліктілігі принципі.* «Гумандылық», «гуманизм» ұғымдары латынның «адамдық» деген сөзінен аударылғанда «адамға деген құрмет» деген мағынаны білдіреді. Гуманизм қағидасы мынадай ережелерді сақтауды қажет етеді:

- қоғамдағы барлық балалардың дене, материалдық және әлеуметтік жағдайына карамай оларға деген дұрыс қарым-қатынас пен құрмет болуға тиіс;
- әрбір баланың бойындағы «мен» ұғымының қалыптасуы мен дамуына көмектесу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау;
- мейірімділік пен қайырымдылықты гуманизмнің алғашқы басқышы ретінде түсіну.

Әлеуметтендірудің ізгіліктілігі, бағыттылығы принципі - адамның өмірін, оның дене, психикалық және адамгершіліктік саулығын, сондай-ақ рухани байлықтарын адамның жоғары құндылықтары ретінде мойындау. Әлеуметтендіру процесіндегі педагогикалық ықпалдың негізгі мақсатының өзі оны тек танып қана қоймай, сол құндылықтарға қол жеткізу болып табылады.

Тәрбиені ізгілендіру идеясы Ян Амос Коменскийдің еңбектерінде бастау алып, ол барлық елдер педагогтары тарапынан насихатталып келеді.

Әлеуметтік педагогиканың *ізгіліктілік принципі* ізденушілік және практикалық іс-әрекетте төмендегідей үш идеямен байланысты болады:

- адамды жоғары әлеуметтік құндылық ретінде тану;
- адамды қоғамдық дамудың мақсаты ретінде мойындау;
- адамды қоғамдық өмірдің жалпы барлық салаларын кез келген әлеуметтік-педагогикалық жобалар мен технологияларды бағалаудың жоғарғы критеріі ретінде тән алу.

Әлеуметтік педагогика үшін *әлеуметтілік принципі* - адамның интегралдық әлеуметтік болмысына, тұлғаның көп аспектілі қалыптасу және даму процесінің әлеуметтік детерминациясы мен қызмет ету жағдайындағы тұлғаның әлеуметтік болмысына қатысты үш аспектіде принципіалдық маңызға ие.

Жүйелілік принципінің мазмұны төмендегі қағидалар арқылы айқындалады:

- тұлғаның қалыптасу және даму процесін зерттеу және қамтамасыз етуде пәнаралық қатынасқа бағдарлану;
- тұлғаның өмір сүру деңгейі мен әлеуметтендірудің барлық құрылымдық компоненттерінің субординациясы мен координациясының логикасын мазмұндық тұрғыдан қарастыру;
- жүйелілік қатынас негізінде әлеуметтік-педагогикалық технологияларды жасау.

Поляризациялау принципі әлеуметтендіру процесінің өзін диалектикалық бірлікте қарастыруды, қарама-қайшылықтар бірлігі ретіндегі тұлға болмысының табиғатын, оның өмір сүруінің жекелік деңгейін түсіндіруді мақсат етеді.

Әлеуметтік педагогтарды кәсіби дайындау тұжырымдамасы. Жалпы тұжырымдамалар ғылыми білімді дамыту формалары ретінде бірнеше ерекшеліктерге ие. Ең алдымен белгілі бір ғалымның дүниетанымдық жеке ұстанымын білдіреді. Сондай-ақ, ол теорияны құрастырудың алғашқы сатысы саналады. Осындай дүниетанымдық ұстанымдар мен әдіснамалық нұсқаулар негізінде кейбір пән аясындағы бастапқы теориялық категориялар

бірігуі нәтижесінде әдіснамалық тұжырымдар пайда болады. Мұндай бірігу негізінен олардың арасындағы қажетті байланыстарды айқындау негізінде жүзеге асырылады. Мұндай процедураны толық деңгейде жүзеге асыру түбінде концепцияның теорияға айналуына септігін тигізеді.

Әлеуметтік педагогика ғылымындағы әлеуметтендіру принциптері тәрбие принциптерімен тығыз байланыста қарастырылады. Осы тұста педагогикалық тәрбие принциптері мен М. А. Галагузованың әлеуметтік педагогикалық принциптер тұрғысындағы көзқарастары жақын келеді.

Солардың біразын қарастырып көрейік:

Әлеуметтендірудегі тәрбиенің халықтығы принципі. Қазақ халқы бала тәрбиелеу мәселесіне ерекше мән беріп, балаларды оның тек ата-анасы ғана емес, бүкіл ауыл болып тәрбиелегендігі белгілі. Сондықтан ата дәстүрінің бірі – дүниеге келген балаға бүкіл ауыл, тума-туысқандар болып көңіл бөлу болып табылады. Азан шақырып атын қойғаннан ер жетіп отау тіккенге дейінгі бала өмірінің әрбір белесі мен асқан асуы туыстар тарапынан атаусыз, ескерусіз қалған емес. Бала өміріне байланысты отбасында болатын қуаныштардың барлығын қадірменді ақсақалдар мен игі жақсылар балаға деген жақсы тілегін айтып, ақ батасын беріп, үй иелерінің қуанышын бөліскен. Міне, сондықтан да бала тәрбиесі бұрынғы қазақ ауылында бір үй адамдарының тілек-талабы мен мүдделерінің деңгейінен асып түсіп, қоғамдық, әлеуметтік сипатқа ие болған.

Әлеуметтендірудің мәдениетке байланыстылығы принципі. Тәрбиенің мәдениетке байланыстылығы қағидасын алғаш неміс педагогы А. Дистерверг ендіріді. Ол бала тәрбиесінде оның өмір сүрген жері мен уақытын, мәдениет және болашақта өмір сүруге тиісті болатын жері ескерілуі керек деді.

Әлеуметтендірудегі жеке-даралылық принципі. Мұнда әрбір индивид дене жағынан және интеллектуалдық мүмкіндігі бойынша қайталанбайтын тұлға ретінде қарастырылады. Сондықтан, оларды тәрбиелеу немесе өмірлік әрекеттерге бейімдеу қызметінің мазмұндық және уақыттық аспектілері әртүрлі болып келеді, соған сәйкес соңғы алынатын нәтижесі де бір-бірінен ерекшеленеді.

Ол адамның гендік ерекшелігіне, тұлғаның өмірлік мақсаттары мен ұстанған позицияларына да байланысты болады.

1. Әлеуметтік тәрбие тұлғаны қоғам талабына сай етіп қалыптастыруды көздегендіктен, ол тәрбие үрдісімен сабақтасып жүзеге асырылады. Сондықтан әлеуметтендіру үрдісі де нақты заңдылықтарға бағынып, принциптерге сүйенеді.

2. Әлеуметтік педагогика ғылымының негізгі принциптері адам тәрбиесін жүзеге асыруда басшылыққа алынатын тәрбие принциптерімен тығыз байланыста болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Әлеуметтік педагогика пәнінің зерттеу объектісінде диностиканың мәнін сипаттаңыз.
2. Әлеуметтік педагогика мен педагогика ғылымының арасында қандай байланыс және ерекшеліктер бар?
3. Әлеуметтік-педагогикаға сай тест құруды түсіндіріңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б. Білім берудегі педагогикалық технологиялар. Оқу-әдістемелік құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2016.122б.
2. Бұзаубақова Ж. Оқытудың педагогикалық технологиялары: Оқу-әдістемелік құрал. -Тараз, 2015.
3. Технологии социальной работы/ Под ред. Е.А.Холостовой-М.Инфра 2011.-400 с

4. Алмазов Б.Н., Беляева М.А, Бессонова Н.Н. Методика и технологии работы социального педагога. М, 2011.-192с.
5. Жиенбаева Н.Б. Психолого-педагогическая диагностика личности: Учебное пособие. Алматы: Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, 2020. – 311 с.
6. Айтбаева А.Б. Әлеуметтік педагогика негіздері: Оқу құралы, –Алматы: 2011.
7. Қасымова Р.С. Әлеуметтік педагогика: Оқу-әдістемелік құрал. –Алматы: 2010

4- дәріс. Диагностикалық жұмыстың кәсіби-этикалық нормалары. Кәсіби-этикалық стандарттың принциптері.

1. Дәрістің мақсаты: Диагностикалық жұмыстың кәсіби-этикалық нормаларын сипаттау және кәсіби-этикалық стандарттың принциптерін талдау.

2. Негізгі мәселелер:

1. Диагностикалық жұмыстың кәсіби-этикалық нормаларын сипаттау.
2. Диагностикалық жұмыстағы кәсіби-этикалық стандарттың принциптерін талдау.

Қандай қоғамда болмасын, тіпті дамудың қандай сатысында болса да өзіне ерекше назар аударуды қажет ететін адамдар кездеседі. Олар - дене немесе психологиялық, әлеуметтік жағынан ауытқулары бар адамдар. Ондай адамдар қашанда басқа адамдар тобынан ерекшеленіп тұрады және олардың қасиеттері мен іс-әрекеттерін қалыпты жағдайға сәйкес келмейді деп айтуға болады.

Қалып (норма) ұғымы медицина, психология, педагогика және физиология ғылымыдарында кеңінен қолданылады. «Қалып» ұғымының мәніне сипаттама берудің қиындығы оның терминдік түсінігінде ғана емес, мазмұнында да болып отыр. Өйткені адамдар қоғамында қабылданған талаптарға сай «қалып» түсінігі ұлттық, менталитеттік сипатқа байланысты да ерекшеленуі мүмкін.

Ауытқу негативті немесе позитивті сипатқа ие болуы мүмкін. Мысалы, баланың қалыптан ауытқуы кейде оның ақыл-ойы жағынан кемістігі болып саналса, кейде ол талантты болуымен айқындалады.

Шартты түрде қалыптан ауытқу құбылысын төрт түрге бөлуге болады. Олар: денедегі ауытқу, психикалық ауытқу, педагогикалық ауытқу, әлеуметтік ауытқу.

1. Денедегі қалыптан ауытқу құбылысы адамдардың денсаулығындағы кемшіліктерге байланысты болып, медициналық көрсеткіштермен айқындалады. Медицинада әрбір жас ерекшелігіне сай адамдардың денінің саулығын сипаттайтын өзіндік көрсеткіштері (салмағы, бойы, көкірек көлемі, және т.б.) айқындалған. Денсаулығы мен дамуы жағынан ауытқуы бар адамдардың мынадай түрлерін атап көрсетуге болады:

- дерт – психикалық немесе физиологиялық функциясында аномальдық құбылыстың болуы, қандай да бір іс-әрекетті орындауда қиындық туғызатын аномальдық құрылым элементтерінің кездесуі;

- мүмкіндігі шектелген – адам қимылында қалыпты болған әрекеттерді жасауда қабілеттіліктің болмауы немесе шектелуі;

- мүгедектік – жас ерекшелік, жыныстық және әлеуметтік факторлардан туындайтын қандай да бір нормативтік рөлдерді орындауды шектейтін немесе кедергі келтіретін нақтылы адамның мүмкіндігінің шектелуі немесе дефектісінің кез келген салдары;

2. Психикалық ауытқу баланың ақыл-ойы дамуымен, психикалық жетіспеушілігімен байланысты айқындалады. Оған адамның сөзі, эмоциялық-еріктік күші, сондай-ақ сөйлеудегі кемшіліктер, тұтығу, оқу мен білім мазмұнын баяндаудағы кемшіліктер жатады.

Баланың ақыл-ойы жағынан дамымай қалуы жүйке жүйесінің тума дефектісі немесе аурудың салдарынан болуы мүмкін.

3. Педагогикалық ауытқу - бұл ұғым немесе түсінік әлеуметтік педагогика мен педагогика ғылымында өте аз қолданылады. Бұл ең алдымен педагогикалық мақсатты жүзеге асыруда білім алушының әрекетінде қалыптасқан нормалар мен көрсеткіштерді салыстыру арқылы реттеп отыратын ынталандырудың тұлға дамуына әсерімен іске асырылады.

Әлеуметтік ауытқу - ол «әлеуметтік қалып» ұғымымен байланысты. Әлеуметтік қалып - қоғам дамуының өзіндік кезеңінде қалыптасқан және арнайы қабылданған әлеуметтік топтың немесе адамдардың мінез-құлық әрекеттерінің үлгі ережесі. Шын мәнінде әлеуметтік қалып қажет етілген мінез-құлықтың моделі ретінде қабылданады.

Әлеуметтік педагог қызметінде әлеуметтік қалып пен ауытқу шекарасын білу және айқындау өте маңызды. Қалыпты мінез бен әлеуметтік ауытқу орын алатын мінез-құлықты сипаттайтын: еріксіздік пен шектен тыс белсенділік, қорқыныш пен ызакорлық және т.б. қасиеттер осы екі ұғым арасын айқындайтын түсініктер болып табылады.

Сондықтан әлеуметтік педагог қызметінің бір қыры ауытқудың алдын алуға, қоғамда қабылданған мінез-құлық пен іс-әрекет қалыптары мен талаптарының бұзылуын болдырмауға бағытталса, екінші қыры, бойында ауытқудың белгілері байқалған балаларды реабилитациялауға бағытталады. Бұл балаға қалай көмектесу керек, қоғамға қалай қосу қажет деген сауал төңірегінде атқарылатын өте маңызды да ауқымды жұмыс.

Тұжырым:

1. Қоғамда орын алып отырған көптеген келеңсіз жағдайлар мен кездесетін қиыншылықтар адамның қалыпты өмір сүруі мен мінез-құлқының өзгеруіне алып келеді. Әлеуметтік педагог қызметінің қажеттілігі тұлғаны қалыпты өмір сүру дәстүріне қайта әкелу мен қоғам талаптарына бейімдеуден туындайды.

2. Педагогикалық процесс екіжақты сипатқа ие болғандықтан, тұлғаны әлеуметтендіру процесі тұлғаның өзі тарапынан белсенділіктің болуын қажет етеді.

3. Әлеуметтік педагогикалық процестегі қалып ұғымының өзі қоғамдық категория ретінде өзгеріп отырады.

4. Қалыптан ауытқудың бір түрінің орын алуы басқа түрлерінің де пайда болуына алып келеді.

Бақылау сұрақтары

1. Әлеуметтік педагогикадағы «қалып» және «қалыптан ауытқу» ұғымдарына сипаттама беріңіз.

2. Ауытқудың түрлерін атаңыз және оның себептеріне сипаттама беріңіз.

3. Бойында ауытқуы бар балалардың белгілерін атаңыз және әлеуметтік ауытқулар арасындағы байланыстылықты дәлелдеңіз.

4. Бүгінгі қоғамда әлеуметтік ауытқуы бар балалармен жұмыстың жүргізілуіне көзқарасыңыз қандай? Көзқарасыңызды нақтылы аргументтермен дәлелдеңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б. Білім берудегі педагогикалық технологиялар. Оқу-әдістемелік құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2016. 122б.
2. Бұзаубақова Ж. Оқытудың педагогикалық технологиялары: Оқу-әдістемелік құрал. -Тараз, 2015.
3. Технологии социальной работы/ Под ред. Е.А.Холостовой-М.Инфра 2011.-400 с
4. Алмазов Б.Н., Беляева М.А, Бессонова Н.Н. Методика и технологии работы социального педагога. М, 2011.-192с.
5. Жиенбаева Н.Б. Психолого-педагогическая диагностика личности: Учебное пособие. Алматы: Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, 2020. – 311 с.
6. Айтбаева А.Б. Әлеуметтік педагогика негіздері: Оқу құралы, –Алматы: 2011.

7. Қасымова Р.С. Әлеуметтік педагогика: Оқу-әдістемелік құрал. –Алматы: 2010

5- дәріс. Білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік педагог жұмысының принциптері, бағыттары.

1. Дәрістің мақсаты: Білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік педагог жұмысының принциптері, бағыттары туралы жалпы түсінік қалыптастыру, ғылым ретіндегі өзіндік орнына баға беру, ғылыми сипаттау.

2. Негізгі мәселелер:

1. Білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік педагог жұмысының принциптері, бағыттары..
2. **Зерттеу нысаны , пәні және қызметтері**

Педагогикалық процесс - оқушылардың мәдени байлықтарды меңгеруге және оларды еңбекке және қоғамдық өмірге дайындаудағы бірлескен іс-әрекеттері, бұл ұстаздардың белсенді араласуымен және басшылығымен жүзеге асады.

Процесс - латынның "processus" деген сөзінен аударғанда "жылжу" деген мағынаны білдіреді. Ол:

- даму сатысы, күй өзгерісінің бірізділігінен;
- қандай да бір нәтижеге жету үшін ұйымдастырылған бірізді әрекеттердің жиынтығынан тұрады.

Процесс ұғымының мәні "педагог - оқушы" жүйесіндегі оқытушыға бірізді ұйымдастырылған әрекеттер жиынтығы негізінде соңғы нәтиже қандай болуға тиіс екендігін, ол үшін қандай өзгерістер жасау керектігін нақты білуді талап етеді. Педагогикалық процестегі болашақ мамандар даярлығын қалыптастыру мәселелерін қазақстанда ғалым-педагог Г.Д.Хмельдің ғылыми мектебі зерттеп келеді. Педагогикалық процестің мәнін айқындау оның көптеген элементтерін айқындаумен байланысты.

Педагогикалық процестің элементтерін алғаш ендірген А.Г.Калашников болды. Ол педагогикалық процесс құрылымынан келіп шығады. Олар: мақсаты, міндеті, мазмұны, формасы, әдіс-тәсілдері және құралы мен педагогикалық процестің материалдық жағынан ұйымдастырылды. Ғалым Данилов А.М. педагогикалық процестің элементтері мұғалім мен оқушыларды да қамтиды деп ұсынды.

Адамның қандай да болмасын іс-әрекеттерінің заттық сапасы қалайда білімдер жүйесінде көрінеді. Сондықтан педагогикалық процесс сипатының біртұтастық объектілері жасалмайынша педагогикалық іс-әрекеттің сәтті болуы мүмкін емес. Педагогикалық іс-әрекетте еңбек субъектісі мұғалім болады. Мұғалімнің еңбек құралдарының өзіндік сипаттары - ол, оның білімі, білігі, тұлғалық қасиеттері болып табылады. Осыған байланысты білім "сананың тір тұтастық объектісі" болып есептелуі керек. Мұғалімнің іс-әрекеті, оның білімі және тәжірибесі кәсіби шеберліктің деңгейіне тікелей қатысты екендігі анық.

Педагогикалық процесс - жүйе. Қоғамдық өмірге оқушылардың қатысу тәжірибесін қалыптастыру, педагогикалық процестің оқудан тыс кеңістігінде іс-әрекеттер түрлерін меңгеру барлық оқушылардың өзара әрекеттерін және ұстаздар тарапынан басшылық болуын қажет етеді. Сондықтан да мектеп үшін макро жүйе "мектеп ұстаздары - мектеп оқушылар ұжымы" қалыптасады. Педагогикалық процестің жүйе ретіндегі бірқатар белгілері мыналар болып табылады:

- педагогикалық процесс әлеуметтік жүйе ретінде адамдардың өзара әрекеттері есебінен өмір сүреді;
- мектеп педагогикалық процесі көп деңгейлі және көпқұрылымдық құбылыс, себебі, ол өзінен кейінгі деңгейдегі жүйелерді жинайды;
- жүйе тек іс-әрекетпен, тәсілдеріне оқытса, онда оқушылар оларды меңгере отырып педагогикалық процестің белсенді қатысушылары болады; тек қана репродуктивке ғана емес, қайта құру, шығармашылық белсенділікке дайын болады;

-педагогикалық процесте мұғалімнің басқару объектісі оқушылардың іс-әрекеті болады;
-іс-әрекеттің барлық элементтері (мақсат, міндеттер, мазмұны және т.б.) үлкендердің, ата-аналардың, ұстаздардың іс-әрекеті негізінде баланың білімді меңгеруіне бағытталуы керек;
-педагогикалық процестегі мұғалімнің басқару құралы іс-әрекет субъектілері арасындағы қатынастар болады. Олар арқылы субъектілердің өзара әрекеті мен дамуына тиімді жағдайлары қамтамасыз етіледі.

М.А.Данилов және басқа да көптеген ғалымдар оқыту процесінің тиімділігін арттыратын заңдылықтарды ескере отырып, педагогикалық процестің заңдылықтары да болуға тиіс деген қорытындыға келді. Ю.К.Бабанский педагогикалық процесті жалпы жүйе деп қарастырды да төмендегідей негізгі заңдылықтарды ұсынды:

- педагогикалық процестің қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттілігімен байланыстылығы;

- педагогикалық процестің нақтылы бір мақсатқа бағыттылығы;

- педагогикалық процесс екі жақты сипатқа ие. Яғни, ұстаздар мен оқушылардың, тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара әрекетімен байланысты болады. Педагогикалық процестің екі жақтылық ерекшелігі міндетті түрдегі екі жақтың да іс-әрекеттері арқылы сипатталады; Мұны мынадай схема түрінде көрсетуге болады:

- оқушылардың белсенділігі мұғалімдердің іс-әрекеттерінің нәтижесі болып табылады;

- оқушылардың мұқият ұйымдастырылған өзара іс-әрекеттері педагогикалық процестің тиімділігін арттырады;

- педагогикалық процесс ұзақ мерзімді процесс.

- педагогикалық процестің қызметі оның мазмұнына, сынып ұжымындағы әрбір оқушының жас және дара ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастыруға байланысты анықталады.

Мұғалімнің басшылық ролін анықтайтын заңдылықты, тәрбиеленушілердің саналы белсенділігі мен ұжымдық және жеке шығармашылық іс-әрекеттерін ұстаз жасайды. Оқушының оқу әрекетін мұғалім тек мектептегі педагогикалық процесте ғана емес, сонымен қатар отбасында да жалғасын туып жатуын қамтамасыз етуі тиіс. Сондықтан мектептегі мұғалімдер мен ата-аналар, мұғалім мен оқушылар, оқушылар мен ата-аналар, оқушылар мен оқушылар арасында өзара қарым-қатынас орнайды. Бұл тұтас педагогикалық процес барысында жүзеге асып отырады. Сонымен қатар педагогикалық процестің мақсат-міндеттері әр түрлі әдіс тәсілдерді қолдану оқу жұмысын әртүрлі формалар арқылы ұйымдастыру барысында жүзеге асады.

Жоғарыдағы схеманы қолдана отырып, жеке топтар бөліктерінің ерекшеліктерін қарастырайық. Ең алдымен айтатын нәрсе, ол әлеуметтік тапсырыс мұғалімге байланысты емес, ол қоғамның мүддесіне сай болатындығын көрсетуіміз керек. Педагогикалық процестің мазмұнды қосымша құрамына сипаттама бере отырып, бұл бөліктер негізінен мектептегі қоғамдық мүдденің мағынасын жасайды.

Басқа бөліктер - құралдар, формалар, әдістер мен тәсілдер, тапсырмалар - оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастырудағы мұғалімдердің мүмкіншілігін көрсетеді, яғни педагогикалық процестің қозғаушы тетігі болады.

Мұғалім, оқушы және ата-ананың педагогикалық процестегі өзара арақатынасын мына схемадан көруге болады:

Әлеуметтену процесі. Әлеуметтену адамның әрбір өмірлік кезеңдеріне қарай өзіндік ерекшелікпен жүзеге асырылады. Ол кезеңдер: балалық шақ, жастық шақ, ересектік шақ, қарттық шақ. Әлеуметтену процесін жүзеге асырудың маңызды институты ретінде отбасы мен білім беру мекемелері ерекше маңызды рөл атқарады. Мектеп және мектепке дейінгі жастағы балалардағы әлеуметтену әрекетінің мазмұны мен түрлері бірізді өзгеріп отырады. Әлеуметтену процесі әсіресе жасөспірімдік және жастық шақта айқын, өте қарқанды өтеді. Бұл кезде олардың қоғам талаптарына бейімделуіне көпшілік ақпараттық құралдар, достары, бейресми ұйымдардағы жұмыстар, жастар арасындағы өзіндік мәдениет, қарым-қатынас стильдері әсер етеді. Ересек жастағы әлеуметтену процесі біршама қиындық туғызады. Өйткені, бұл кезде тұлға дане және ақыл-ойы жағынан қалыптасып, өзіндік

көзқарасы мен өмірлік ұстанымдары тұрақталған. Қаншалықты талпыныс жасағанымен бұрынғы әдетке айналып қалған әрекеттер мен дағдылар тұлға қалыптасуын кешеуілдетеді.

Әлеуметтену процесін екі жақты сипатта қарастыруға болады: әлеуметтік бейімделу және әлеуметтік интеграция. Әлеуметтік бейімделу- тұлғаның өмір сүру ортасы болып табылатын әлеуметтендіру институтына, әлеуметтік топтар мен мекемелерге, рольдік қызметтерге, тұрмыс жағдайларына біртіндеп бейімделуі. Ал, әлеуметтік интеграция - бұл, тұлғаның саналы түрде ішкі рухани өмірін, өмірлік құндылықтары мен әлеуметтік нормаларын байытып, жетілдіруі.

Бақылау сұрақтары:

1. Әлеуметтік педагогика пәнінің зерттеу объектісінде диагностикалық жұмыстың кәсіби-этикалық нормаларын сипаттаңыз.
2. Диагностикалық жұмыстағы кәсіби-этикалық стандарттың принциптерін талдаңыз.
3. Әлеуметтік педагогика пәні бойынша нормативтік құжаттарды түсіндіріңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б. Білім берудегі педагогикалық технологиялар. Оқу-әдістемелік құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2016.122б.
2. Бұзаубақова Ж. Оқытудың педагогикалық технологиялары: Оқу-әдістемелік құрал. -Тараз, 2015.
3. Технологии социальной работы/ Под ред. Е.А.Холостовой-М.Инфра 2011.-400 с
4. Алмазов Б.Н., Беляева М.А, Бессонова Н.Н. Методика и технологии работы социального педагога. М, 2011.-192с.
5. Жиенбаева Н.Б. Психолого-педагогическая диагностика личности: Учебное пособие. Алматы: Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, 2020. – 311 с.
6. Айтбаева А.Б. Әлеуметтік педагогика негіздері: Оқу құралы, –Алматы: 2011.
7. Қасымова Р.С. Әлеуметтік педагогика: Оқу-әдістемелік құрал. –Алматы: 2010

6- дәріс. Жеке тұлғаны диагностикалаудың психосемантикалық әдістері. Жеке сауалнамалар.

1. Дәрістің мақсаты: Жеке тұлғаны диагностикалаудың психосемантикалық әдістері. Жеке сауалнамалар туралы түсінік қалыптастыру, ғылым ретіндегі өзіндік орнына баға беру, ғылыми сипаттау.

2. Негізгі мәселелер:

1. **Жеке тұлғаны диагностикалаудың психосемантикалық әдістері .**
2. **Жеке сауалнамалар жүргізу талабы.**

